

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 14 қарашадағы № 421 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 5223 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 27 сәуiрдегi № 87 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкiмдiгiнiң 27.04.2015 № 87 қаулысымен (қол қойылған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi).

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттiк мүлiк туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" қаулысына сәйкес Меңдіқара ауданының әкiмдiгi

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д I :

1. Қоса берiлiп отырған аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары б е к i т i л с i н .

2. Осы қаулының орындаулын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары М.Ә. Е р қ а н о в қ а жү к т е л с i н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi С. Жақаев
Ә к i м д i к т i н
2014 жылғы 14 қарашадағы
№ 421 қаулысымен бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша е с е п т е л е д і :

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \quad \text{мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының м ө л ш е р л е м е с і ;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Меңдіқара ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \quad \text{мұндағы:}$$

Жн – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру м ө л ш е р л е м е с і .

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар

б о й ы н ш а

е с е п т е л е д і :

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік
т ұ р ғ ы н е м е с қ о р ү ш і н :
$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N,$$
 мұндағы:

Ж – жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау
а қ ы с ы н ы ң м ө л ш е р л е м е с і ;

S - ауданы (шаршы метр);

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын
з а т т а р ү ш і н :

$$Ж = (Жн / ЖУ) * N,$$
 мұндағы:

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын
заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Жн – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да
пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) алу үшін жылдық жалдау ақысы
;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.